



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 4 (95)

Нұр-Сұлтан
2021



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл

Ибраева Г., Хасенов С. Тәуелсіздік жолы және Ұлттық музей	4
Таймагамбетов Ж.К. Краткое содержание докладов автора на международных научных конференциях проекта ЮНЕСКО «Великие переселения народов» (2008-2019 гг).	14
Сыпатайқызы З. Тәуелсіздік жылдарындағы түркілік этномәдениеттердің жаңғыруы	28
Тоқпанов Е.А., Ботбаев А.К. Тарихи-мәдени және табиғи киелі орындардың еліміздің бірлігін сақтаудағы алатын орны	37

Мәдениеттану

Нұрдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә. Таңба-жазу – адамзат танымы мен тарихының құнды ақпараты	44
--	----

Этнография

С. Дж. Атдаев. Исторические данные о туркменской дыне и арбузе	56
Хасенов С.С. Қорғаныс жарағына жататын сауыт түрлеріне қатысты қалыптасқан атаулар	76
Бекзатқызы И. Ақмола облысы Бурабай ауданының топонимиясы: қалыптасуы және қазіргі жағдайы	88

Археология

Хуанган Т. Ат әбзелі: жүгеннің шығу тарихы	100
Әуезов Қ.Ж., Исаков А.Ш. Ұлытау – Жезқазған өңіріндегі Алтын Орда кезеңі ескерткіштерінің зерттелуі	107

Тарих. Тұлға. Тағылым

Асанов Қ.Д. Евней Букетовтің қаламгерлік қыры	115
--	-----

Филология

Байтанасова Қ.М. Абай өлеңдеріндегі мәтінаралық жүйе сипаты	122
Сағынадин Г.С. Фольклорлық сюжет: жанр және түркілік мотив көріністері	140

CONTENTS

Kazakhstan's independence – 30th anniversary

Ibraeva G., Khasenov S. The way of independence and the National museum	4
Taimagambetov Zh.K. Summary of the author's reports at international scientific conferences of the UNESCO Project «Great migrations of peoples» (2008-2019)	14

Sypataikyzy Z. Revival of turkic ethnoculture in the years of independence	28
Tokpanov E. A., Botbaev A. K. Role of historical, cultural and natural sacred places in preserving the unity of the peoples of our country	37

Cultural Studies

Nurdauletova B.I., Aimuhambet Zh.A. Symbol-letter – valuable information of human cognition and history	44
--	----

Ethnography

S. J. Atdaev. Historical information about turkmen melon and watermelon	56
Khasenov S.S. Formation of terms of armour types belonging to protective equipment	76
Bekzatkyzy I. Toponymy of Burabay district of Akmola region: formation and current state	88

Archaeology

Khuangan T. Horse harness: the history of the origin of the bridle	100
Auevov K.Zh., Isakov A.Sh. RResearch of monuments of the Golden Horde period of Ulytau-Zhezkazgan region	107

History. Personality. Reading

Asanov K.D. The literary facets of Yevney Buketov	115
--	-----

Philology

Baytanasova K.M. The characteristic of the intertext system in the verses of Abay	122
Sagynadin G.S. Folklore plot: genre and turkic motifs	140

ӘӨЖ 911.3:61

Тоқпанов Е.А.¹, Ботбаев А.К.²

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған қ., Қазақстан

²Халықаралық Тараз инновациялық институты
Тараз қ., Қазақстан
e-mail: Tokpanov60@mail.ru

ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ КИЕЛІ ОРЫНДАРДЫҢ ЕЛІМІЗДІҢ БІРЛІГІН САҚТАУДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

Мақалада Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында баса назар аударған палеомәдени, тарихи және табиғи киелі орындардың біріктіруші, бітімгерлік (медиаторлық), қарым-қатынастық, табиғат қорғау және емдік қызметтері, халқымыздың береке-бірлігін сақтау, Мәңгілік ел ойын жүзеге асырудағы алатын орны қарастырылған. Аталған тақырыптың өзектілігін сакралды ландшафттар ретінде қорғау, сонымен қатар, қарастырылатын тақырып бойынша географиялық әдебиеттердегі мәліметтердің аздығы айқындайды.

Қоғам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі тарихи-мәдени мұраларды зерттеуге мүмкіндік беретін киелі орындардың шынайы құжаттарына жартастағы суреттер, байырғы қорғандар, балбал тастар, ерте ортағасырлық қалалық және ауылдық қоныстар, тарихи оқиғалар мен еліміздің дамуына орасан зор үлес қосқан тұлғалардың өмірі мен қызметіне қатысты орындар жатады. Оларды зерттеу қоғам мен қоршаған ортаның қарым-қатынасын зерделеуге мүмкіндік береді.

Экспедициялық зерттеулер барысында жиналған мәліметтер мен қазіргі ғылыми дерек көздерінен жасалған талдаулар «киелі» түсінігінің табиғатын түсіну мәдениеттің даму үрдісі мен үздіксіз байланысы бар деген қорытынды шығаруымызға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: тарихи-мәдени мұра, сакралды география, киелі орын, палеомәдени киелі орын, тарихи киелі орын, табиғи киелі орын.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы егемендігінің 30 жылдығына орай еліміздің егемендігін, ұрпақтар сабақтастығы мен көп этносты халқымыздың береке, бірлігін сақтауда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында баса назар

аударған киелі орындарды зерттеп, зерделеудің маңызы зор. Сакралды география сирек кездесетін құбылыстар мен нысандар ретіндегі ғұрыптық, діни маңызы бар киелі орындардың кеңістіктік таралу заңдылықтары мен аумақтық ұйымдастырылу ерекшеліктерін зерттеуге негізделген.

Палеомәдени ландшафтарға жататын ежелгі қоныстар мен оның маңындағы жартастағы суреттерді қалпына келтіру қола, сақ, түркі кезеңдеріндегі адамдардың табиғатпен қарым-қатынасын, қоршаған ортаға тигізетін әсерін оқып-үйренуге, танымдық және зияраттық туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Бастапқы мәліметтер мен зерттеу әдістері. 2017-2020 жылдар аралығында Алматы облысының солтүстік-шығыс, орталық, оңтүстік және оңтүстік-батыс бөліктеріне 4 ғылыми-танымдық экспедициялық жорықтар ұйымдастырылып, табиғи, тарихи және палеомәдени киелі орындардың атқаратын қызметтері анықталып, оларға қатысты мәліметтер, аңыз-әңгімелер жиналды.

Зерттеу жұмыстарының барысында салыстырмалы талдау, бағалау, картографиялық және экспедициялық әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстан Республикасы егемендігінің 30 жылдығына орай Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында баса назар аударған Қазақстанда кең таралған

киелі орындардың көп ұлтты халқымыздың бірлігін сақтауда, мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруда маңызы зор. Оларды зерттеп, зерделеу жас ұрпақтың өткен тарихын білуге, отан сүйіштілік сезімдерін оятуға, бабаларымыздың рухани-материалдық мұраларын сақтауға мүмкіндік береді.

Бекет ата жерасты мешіті, Арыстан баб, Ахмет Иассауи кесенелері, Тектұрмас, Қоңырәулие үңгірі сияқты көптеген ежелгі киелі орындар ерте заманнан белгілі бір аумақта тұратын белгілі бір рудың тұрғындары немесе қандайда бір әлеуметтік топқа жататын адамдары үшін *біріктіруші орталық* рөл атқарды (Назарбаев, 2017; Павлов, 2013).

Қарапайым біріктіруші нысандар қызметін ерте заманда кішігірім рулық ғибадатхана атқарды. Алматы облысы аумағындағы *Есік*, *Бесшатыр* (Қоңырөлең ойысы), *Мұзбұлақ* (Қапал ойысы), *Үйгентас* (Ойжайлау ойысы), *Құлжабасы*, *Таңбалы* (Қарабастау) қорымдарында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары қоныстар маңындағы оқшауланған биік аумақтарда зиярат ету қызметін атқарған

Сур. 1. Халықты біріктіру қызметін атқаратын сәулет және монументті ескерткіштер



XIX ғасырдың соңында Жаркент қаласында Тянь-Шань шыршасынан салынған Уәлибай мешіт-медресесі

Ualibay mosque-madrasah built of Tien Shan spruce in Zharkent at the end of XIX century

Fig. 1. Architectural and monumental monuments that serve to unite the population



2017 жылы қыркүйекте Қарасай ауданында ашылған батыр бабалар мемориалдық кешені

Memorial complex of heroic ancestors, opened in September 2017 in Karasai district

жартастағы суреттері бар ғибадатханалардың болғанын көрсетті (Сур. 1).

Шағын ғибадатхананың маңына жергілікті халық ежелгі қоныстарды салған. Олардың біріктіруші қызметінің нәтижесімен де біртіндеп ұлғайып ірі аумақта мекендеген тайпалар одағына бірігіп, тілі, діні, тұтас халықты, мемлекетті қалыптастырған (Акишев, Кушаев, 1959).

Ата-бабаларымыздың баға жетпес мұралары саналатын нысандар ежелгі қорымдар мен зираттардың да біріктіруші рөлі зор. *Зираттар мен қорымдарды* белгілі бір аумақты мекендеген адамдардың өкілі ретінде ұрпақтарының өзінің ата тегін тануға мүмкіндік беретін киелі орын ретінде қастерлеген.

Халықты біріктіруші нысандарға «Бекет ата жерасты мешіті», «Жаркент мешіт-медресе кешені», «Ақыртас», «Тектұрмас», «Өзірет сұлтан мешіті», «Қазақ елі монументі», «Ұлттық опера және балет театры» сияқты бірегей сәулет ескерткіштері жатады (Сур. 2).

Ежелгі зираттар өз маңына бірнеше қонысты қамтитын шағын аумақтың ғана емес, тұтас ірі өңірді біріктіруі мүмкін. Оған X-XI ғасырлардан бастау алатын «Айша бибі», «Домбауыл», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Арыстан баб», «Қожа Ахмет Иассауи», Алматыдағы Райымбек кесенелері, Нұр-Сұлтан қаласы маңындағы «Қабанбай батыр» жерленген зираттар мысал болады (Сур. 2).

Адамдарды біріктіруші тағы бір нысандар тұрпаты – ерен ерлігі, даналығы, ел басқару қабілетіне байланысты халықтың есінде мәңгі сақталған, қоғамға еңбегі сіңген тұлғаларға қатысты киелі орындар. Олардың қатарына **алты алаштың басын біріктірген** Қара хан, Алаша хан, Есім хан, Қасым хан, Абылай хан, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев; **жаужүрек батырлар:** Қабанбай, Бөгенбай, Баян, Райымбек, Қарасай; **би-шешендер:** Төлеби, Қазыбек би, Әйтеке би; **ақын-жыраулар:** Қаблса, Сүйімбай, Абай, Шәкәрім; **ғұлама ғалымдар:** Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев, т.б. Бүкіл халықтың басын біріктіретін тұлғаларға мемлекет, мәдениет және діни қайраткерлер де жатады (Байпаков және т.б., 1993; Байпаков, 1998; Богуславский, 2005).

Киелі (сакралды) орындардың бітімгерлік (медиаторлық) қызметі. Сакралды зияраттық орындар діни ғибадаттық маңызы бар болғандықтан құдіретті күшпен байланыстырушы нысанның қатарына жатады.

Сур. 2. Киелі орындарға жататын ежелгі қорымдар мен кесенелер

Fig. 2. Ancient cemeteries and mausoleums belonging to sacred places



Қола, сақ кезеңдерінің тас тақталардан жасалған табыттары бар ежелгі қорымдары

Ancient burials of the Bronze and Saka periods with coffins made of stone slabs



VIII-IX ғасырға жататын Орталық Қазақстандағы Домбауыл кесенесі

Dombauyl mausoleum in Central Kazakhstan, VIII-IX centuries



Көксу ауданындағы Мәулімбай ауылының батыс шетіндегі XVII-XVIII ғасырда салынған Адам кесенесі

The mausoleum of Adam, built in the XVII-XVIII centuries on the western edge of Maulimbay village of Koksuy district

Сур. 3. Алматы облысының табиғи шипалы емдік қасиеті бар киелі орындары

Fig. 3. Sacred places of Almaty region with natural healing properties



Ерте заманда емдік-сауықтыру орны болған Алтынмел тауының етегіндегі киелі «Найзатапқан» арасаны

At the foot of Mount Altyntemel, which in ancient times was a place of healing, the sacred «Nayzatapkan»



Бурақожыр өзенінің орта ағысындағы діңінің көлденең қимасы 3-4 метр болатын 700 жылдық киелі қарағаш

700-year-old sacred elm with a cross section of 3-4 meters in the middle reaches of the river Burakozhyr



Балқаш ойысындағы тұздылығы аса жоғары шипалы Рай көлі

Lake Rai with high salinity in the Balkhash basin

Киелі кеңістіктің уәжі біршама әсерлі дүниені қабылдау болып табылады. Көк тәңірді пір тұтатын түркі халықтары *гибадатты* жұмаққа ашылатын қақпа және ерекше күш-қуат алатын, тазаратын киелі орын санайды.

Еуразиядағы тәңірлік дінді ұстанатындар табынатын орынды жоғарғы (*аспан*), төменгі (жер асты) *әлеміне* апаратын жол санайды.

Зиярат ететін киелі (сакралды) орындардың бітімгерлік қызметіне жауласқан араз топтардың басын қосып, өкпе-араздықтарын жойып татуластыру міндеттері негіз болады және ол біршама тұрақтылығымен ерекшеленеді. Сакралды орындардың уақыт өте келе қоғамдық маңызы жойылғанымен халықтың есінде ұзақ сақталады (Самашев, 2006).

Киелі (сакралды) орындардың қарым-қатынастық (коммуникативтік) қызметі. Киелі орындарға адамдар Алла-Тағаламен (Құдаймен) тілдесу үшін ғана емес, бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін де барады. Киелі аумақ бір жерде, өңірде, елде тұратын бір әлеуметтік топқа жататын адамдардың кездесуіне мүмкіндік береді.

Киелі орындардың емдік қызметі. Киелі орындар саналатын минералды бастаулардың, тоғайлардың, т.б. нысандардың келетін адам денсаулығына жағымды әсер етуі мүмкін.

Зиярат етушілердің келуінің басты себебі – денсаулығын, көңіл-күйін жақсартуға «Найзатапқан» арасаны, «Рай» көлі, «Әулие ағаш», «Әлмерек ата» бастауы, «Шиырбай» бастауы сияқты киелі орындардағы белгілі бір тылсым күштің әсері бар деген үміт.

Емдік қасиет әртүрлі тұрпаттағы нысандарға зиярат етушілерді өзіне тартатын киелілікке қатысы бар мешіттердің, діни заттар, тарихта аты қалған, көріпкелдігімен көзге түскен ата-бабаларымыздың кесенелері, табиғи ойпаңдар, ыстық және салқын минералды су көздері, тұзды көлдер мен сорлар, жерасты үңгірлері, т.б. жатады (Сур. 3).

Емдік қасиеті бар киелі орындардың маңында *діни рәсімдер*, *халық медицинасының* *ғұрыптары* жүргізіледі. Емдік құрал ретінде *зиярат ету нысандарына* жанасу, *суын ішіп шомылу*, *ақтық байлау* рәсімдері де жиі қолданылады. Алматы облысындағы емдік қасиеті бар киелі орындарға: 700 жылдан асқан «Әулие ағаш»; ерте заманнан емдік сауықтыру орны болған «Найзатапқан» арасаны, аса тұзды

«Рай көлі»; Алакөл жағалауындағы «Қоссор» емдік балшығы, Алматы маңындағы «Әлмерек ата» бастауы, Талдықорған қаласының оңтүстік батысындағы Ешкіөлмес тауының етегіндегі күшті минералданған «Ем су» минералды су көзі; Кербұлақ ауданындағы Майтөбе тауының етегіндегі циолитті жыныстардан шығып жатқан «Шиырбай» бастауы; Алакөл ауданындағы «Қандағатай ата» бастауы, Сарқан ауданындағы Лепсі өзені аңғарындағы XVIII ғасырда өмір сүрген «Көтенәуіп» Қоңырбайұлының кесенесі маңындағы бастау, т.б. нысандарды жатқызуға болады.

Жоғарыда аталған орындарға баратын зиярат етуші адамдарға әсер ететін емдік нәтиже көбінесе емдеумен қатар психологиялық факторларға негізделген. «Киелі орындарға» зиярат етуге баруға дайындалу барысында науқастың ағза күшінің белсенділігі артып, назарын аурудан басқа жаққа бұруға итермелеп, емделуді қамтамасыз ететін зиярат шараларға аударады. Нәтижесінде киелі орынға барған адамдар ауруынан құлантаза айғып кетуі мүмкін.

Киелі (сакралды) орындардың табиғат қорғау қызметі. Киелі орындар адамдарды ғана емес, сол маңдағы барлық тіршілікті қорғайды. Ғибадатханаларда жүргізілетін ғұрыптық рәсімдер топырақтың құнарлылығын арттыруға, адамдардың денсаулығын қалпына келтіруге, салауатты өмір сүруіне, жануарлардың өсіп-өнуіне бағытталады (Акишев, Кушаев, 1959; Байпаков және т.б., 1993).

Сакралды ландшафтардың табиғат қорғау қызметі бастапқы тәңірлік діндерге тән болған. Табиғи нысандар адамдардың өмір сүруіне қажетті кәсіптік жануарларды (аңшылық), балықтарды (балық аулау), үй жануарларын (мал шаруашылығы), өсімдіктерді (егіншілік) қорғаушы ретінде қабылдануы мүмкін. Табиғат қорғау қызметі киелі орындар маңында шағын қорықтық аумақтар құру арқылы жүзеге асырылды. Бұл аумақта аң аулауға, ағаш кесуге табиғатқа зиянын тигізетін басқа әрекеттерге тиым салынды. Қорықтық аумақтар Бурақожыр өзенінің орта ағысындағы «Киелі ағаш» сияқты шағын немесе аумағы ірі табиғи алқапты алып жатуы мүмкін.

Қазіргі кезеңде зиярат етуші діндарлардың киелі табиғи орындарда адамдардың шаруашылық әрекетінен басқа жақта жойылып кеткен өсімдіктер мен жануарлардың сақталуына әсер ететін жағдайлары тіркелген.

Қорытынды. Қазақстан Республикасы егемендігінің 30 жылдығына орай Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының негізгі тұжырымдарын жүзеге асыруда жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, халықты біріктіруде береке-бірлікті, ұлтаралық ынтымақтастықты сақтауда киелі орындардың маңызды зор.

Сондықтан біріктіруші, бітімгерлік, қарым-қатынастық, табиғат қорғау және емдік қызметтер атқаратын палеомәдени, тарихи, табиғи киелі орындар шоғырланған аумақтарды ерекше қорғауға алып, тарихи-мәдени қорық-мұражайлар ашу қажет.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // «Егемен Қазақстан» республикалық газеті 2017. 12 сәуір.
2. Павлов С. Общественно-географические аспекты исследования религиозной сферы // Гилея: научный вестник, 2013. № 75. С. 356–358.
3. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и уйсундов долины реки Или. – Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1959 – С. 89-95.
4. Байпаков К.М., Таймаганбетов Ж.К., Жумаганбетов Т. Археология Казахстана. – Алматы: РИК, 1993 – 362 с.
5. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 1998 – С. 16-18.
6. Богуславский М.М. Культурные ценности в международном обороте: правовые аспекты. М., Юрист, 2005. 260 с.
7. Варламова Т.Н. Культурное наследие как объект социальной защиты. Монография. – М.: РГСУ, 2009 – 185 с.
8. Шаблий О.И. Сакральная география: становление и проблемы развития / О.И. Шаблий, А.И. Висьтак // Проблемы территориальной организации общества: тезисы докл. науч. конф. – Пермь, 1993. – С. 27–28.
9. Самашев З.С. «Жетісу жеріндегі тастағы таңбалар» // Қазақ тарихы. 2006. №2, 17-20 б.

References

1. Nazarbaev N.Á. «Bolashaqqa baǵdar: rýhani jańǵyrý» // «Egemen Qazaqstan» respýblikalyq gazeti 2017. 12 sáyır.
2. Pavlov S. Obshestvenno-geograficheskie aspekty issledovaniya religioznoi sfery // Gileia: naýchnyy vestnik, 2013. № 75. S. 356–358.
3. Akishev K.A., Kýshaev G.A. Drevnáá kúltýra sakov ı ýısýnov doliny reki Ili. – Alma-Ata: Izd-vo AN Kaz SSR, 1959 – S. 89-95.
4. Baipakov K.M., Taimagambetov J.K., Jýmaganbetov T. Arheologia Kazahstana. – Almaty: RIK, 1993 – 362 s.
5. Baipakov K.M. Srednevekovye goroda Kazahstana na Velikom Shelkovom pýti. – Almaty: Gylım, 1998 – S. 16-18.
6. Bogýslavski M.M. Kúltýrnye sennosti v mejdýnarodnom oborote: pravovye aspekty. M., Íyríst, 2005. 260 s.
7. Varlamova T.N. Kúltýrnoe nasledie kak obekt sosalnoi zashıty. Monografiya. – M.: RGSÝ, 2009 – 185 s.
8. Shablı O.I. Sakralnaia geografiya: stanovlenie ı problemy razvitiya / O.I. Shablı, A.I. Vıstak // Problemy territorialnoi organizatsii obshestva: tezisy dokl. naých. konf. – Perm, 1993. – S. 27–28.
9. Samashev Z.S. «Jetisý jerindegi tastaǵy tańbalar» // Qazaq tarihy. 2006. №2, 17-20 b.

Токпанов Е.А.¹, Ботбаев А.К.²

¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова
г. Талдыкорган, Казахстан

²Международный Таразский инновационный институт
г. Тараз, Казахстан
e-mail: Tokpanov60@mail.ru

РОЛЬ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫХ И ПРИРОДНЫХ САКРАЛЬНЫХ МЕСТ В СОХРАНЕНИИ ЕДИНСТВА НАРОДОВ НАШЕЙ СТРАНЫ

В статье рассматривается объединяющей, медиаторской, коммуникативной, природоохранной и лечебной деятельности палеокультурных, исторических и природных сакральных объектов особо отмеченный в программной статье Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», в реализации идеи Мәңгілік ел.

Актуальность данной темы обусловлена проблемой охраны сакральных ландшафтов как объекты культурного и исторического наследие, малой изученностью и недостаточностью литературных данных по рассматриваемой проблеме. Приведены основные результаты по изучению сакральных объектов Алматинской области.

К объектам культурного и исторического наследия имеющий сакральное значение разных этапах общественного развития относится петроглифы, древные курганы, каменные изваяния, средневековые городища, сельские поселения. Исследование данных объектов дает возможность раскрыть взаимосвязь общества и окружающей среды.

В результате анализа собранных информации в ходе экспедиционных исследований и современных научных источников сделан вывод о неразрывной связи понимания природы и понятия «сакральное» в процессе развития культуры.

Ключевые слова: историко-культурное наследие, сакральная география, святые места, палеокультурное святое место, историческое святое место, природное святое место.



Tokpanov E. A.¹, Botbaev A. K.²

¹Zhetysu University named after Zhansugurov
Taldykorgan, Kazakhstan

²International Taraz Innovation Institute
Taraz, Kazakhstan

e-mail: Tokpanov60@mail.ru

ROLE OF HISTORICAL, CULTURAL AND NATURAL SACRED PLACES IN PRESERVING THE UNITY OF THE PEOPLES OF OUR COUNTRY

The article examines the unifying, mediatorial, communicative, nature conservation and medical activities of paleocultural, historical and natural sacred objects, which was especially noted in the program article of the First President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev «Looking into the future: modernization of public consciousness», in the implementation of the idea of Mangilik el.

The relevance of this topic is due to the problem of protecting sacred landscapes as objects of cultural and historical heritage, poor knowledge and insufficient literary data on the problem under consideration. The main results of the study of the sacred objects of the Almaty region are presented.

The objects of cultural and historical heritage of sacred significance at different stages of social development include petroglyphs, ancient burial mounds, stone statues, medieval settlements, rural settlements. The study of these objects makes it possible to reveal the relationship between society and the environment.

As a result of the analysis of the information collected during the expeditionary research and modern scientific sources, it was concluded that the understanding of nature and the concept of «sacred» are inextricably linked in the process of cultural development.

Key words: *historical and cultural heritage, sacred geography, holy places, paleocultural holy place, historical holy place, natural holy place.*